

Бекітемін

Мектеп директоры:

Смагулова Р.Н



Мамандық таңдау жұмысының жоспары

2021-2022 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Жауаптылар	Мерзімі
1	Мамандық таңдауда ата-ана мен оқушыларға жеке кеңес беру және оқушының жеке таңдауын ескеру	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
2	«Мамандық әлемімен танысу» Тақырыптық сынып сағаттары	3-9 сынып жетекшілер	Қыркүйек, сәуір
3	«Балаға мамандық таңдауға қалай көмек береміз?» Ата-аналар жиналысы	7-11 сынып жетекшілер	Қазан
4	«Жұмыс бәрі жақсы» Суреттер сайысы	1-6 сынып жетекшілер	Қазан
5	«Менің болашағым өз қолымда» Шығармалар сайысы	8-11 сынып жетекшілер	Қараша
6	Қаладағы өндіріс орындарына бару	9-11 сынып жетекшілер	Желтоқсан, наурыз
7	Оқу мекемелерінің өкілдерімен кездесу	Келісім бойынша	Жыл бойы
8	«Өз еліңді қорғау да, мамандық» 5-11 сыныптар арасында әскери ерлік сабағы	Искакова А.А Акшулакова	Ақпан
9	«Қайда оқуға барамын» 9-11 сыныптар арасында әңгімелесу	9-11 сынып жетекшілері	Жыл бойы
10	«Менің мамандығым» ЭССЕ	1-4 сынып жетекшілері	Қазан
11	Ата-аналардың мамандығы бойынша зерттеу жұмыстары	Соц.педагог Баянова К.К	Ақпан сәуір
12	Оқушылардың мамандық таңдауына ата-аналарының рөлі маңызды. Ата-аналар жиналысы	Мектеп әкімшілігі	Мамыр



## «Мамандыққа қадамдар» таңдау

**Өзектілігі.** Бүгінгі таңда әрбір үшінші жасөспірім мектеп табалдырығын қандай мамандықты таңдайтынын білмей аттап шығады. Сондықтан білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру жұмысының мағынасы жасөспірімнің өз бетімен өмірін жоспарлауға, кәсіби жоспарын және қызығушылықтарын жүзеге асыруға ішкі дайындығын қалыптастыру болып табылады.

Тұлғаның эмоциялық, әлеуметтік, психологиялық қалыптасуы мектепте жүретінін ескеріп, білім беру үдерісінде мектеп оқушыларының мамандық таңдауда психологиялық дайындығын қалыптастырудың барлық мүмкіндіктерін пайдалану керек. «Мамандыққа қадам басу» бағдарламасы мектеп оқушыларына күрделі өтпелі кезеңде көмектесуге арналған. Ол жас ерекшелігін ескеріп жасалатын дәстүрлі емес белсенді жұмыс формасының бірі.

### **Мақсаты:**

Оқушыларына тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау;  
бойжеткен мен бозбалалардың алдағы уақытта тұлға ретінде даму келешегін ашу;  
жастарға өз өмірлік жоспарын анықтауға көмектесу, соған байланысты іс-әрекет алгоритмін жасау.

### **Міндеттер:**

жасөспірімдер үшін «ақпараттық кеңістік» қалыптастыру;  
өзін-өзі тану, мақсат қою мен жоспарлау бойынша білік пен дағдыны дамыту құралдарымен қамтамасыз ету;  
өзін-өзі дамыту, тұлғалық өсу уәждемесін қалыптастыру;  
әрбір оқушыны психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;  
оқушының жеке тұлғасының даму уәждемесі;  
мамандықты саналы түрде таңдау үшін жағдай жасау;



таңдау жасауға жауапкершілік сезімін ояту.

Бағдарламасы «қадамдар» - сабағын қарастырады, олар дәстүрлі сабақ түрінде өтеді, психология және кәсіптану негіздері бойынша қажетті теориялық ақпаратпен танысады, өзін-өзі тану мен рефлексияны белсендіретін рөлдік ойындар, жаттығулар, шешім қабылдау және дау-жанжалсыз қарым-қатынас орнатуда практикалық дағдыларын бойынша психодиагностикалық тест, тренинг түрінде өтеді. Оқушылармен және олардың ата-аналарымен әңгімелесу және кеңес беру сияқты әдістер қолданылады. Қолданылатын технологиялар: жобалау әдістері, тренингтік жаттығулар, рөлдік және іскерлік ойындар, ақпараттандыру мен пікірталас.

**Күтілетін нәтиже.** Аяқталған соң оқушылар:

өз қабілеттерімен мүмкіндіктерін білуге;  
мамандық таңдаудағы негізгі ережелерді білуге;  
кәсіби бағыт-бағдар беру мәселесі бойынша негізгі түсініктерді меңгеруге;  
тұлғаның негізгі жеке психологиялық ерекшеліктері, диагностикалау әдістері туралы түсінігі болуы;  
жүйке жүйесі, ойлау, ес, зейін ерекшеліктерімен таныс болуы тиіс.

**Оқушылар:**

өз мүмкіндіктерін әділ бағалап, оны мамандық таңдауға сәйкестендіруге;  
мамандықтар әлемін біліп, мамандыққа қойылатын талаптарды өз қызығушылықтарымен, қабілеттерімен, икемділіктерімен байланыстыруға;  
жеке кәсіби жоспар жасап, өз таңдауын дәлелдей білуі тиіс.



## Ата-ананың мамандық таңдауға дұрыс ықпал ету маңыздылығы

Көк жүзіне алаулы,  
Міндет емес ай болу.  
Ең бастысы қалаулы,  
Кәсібіңе сай болу!

«Есейгенде кім болғың келеді?» – бұл үлкендер өз балаларына қоятын ең танымал сұрақ. Бірақ, бұл сұраққа бала дұрыс жауап бере алады ма? Ол әр түрлі жауап болуы мүмкін. Себебі, баланың болашақ кәсібін дұрыс таңдауы өте күрделі мәселелердің бірі. Кәсіби болашағыңды дұрыс таңдау қоғамдағы өз орныңды танудың негізі. Адамның жақсы, өмірлік табысқа жетуіне әсер ететін ең бір маңызды шешімдердің бірі болып табылады.

Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Осындай кезде ұлы Абай атамның «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген сөзі еске түседі. Сондықтан да балаларымыздың қоғамның бір кетігіне кірпіш болып қаланып, өмірде өз орындарын табуларына дұрыс бағыт беру әрбір ата-ананың көп парыздарының бірі екендігін естен шығармауымыз керек сияқты. Себебі, мамандық таңдауда көбінесе ата-аналарының да ықпалы зор. Мамандық таңдау да-адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады.

Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Бірақ сол мамандықтардың ішінен жастардың өзіне сай мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететін отбасы мен мектеп мамандары да өздерінің ақыл-кеңесін ортаға салып, балаларды дұрыс бағыттап, тура жолға салып жіберсе, нұр үстіне нұр болар еді. Ал, мамандық таңдау дегеніміз не? Осы сұраққа жан-жақты жауаптар беруге болады.

Мамандық таңдау-белгілі бір даярлықты қажет ететін іс-әрекет түрі, тіршілік көзі, дағды жүйесі және жасөспірімдік кезеңде қабыданатын жауапты шешімдердің біреуі.

*Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау.* Қазақ "Адам екі түрлі жағдайда қателеспеу керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда" деп бекер айтпаса керек.

Мамандық таңдау-әркімнің өз жүрек қалауы. Жүрек қалауымен таңдалған мамандық биік шыңдарға жетелері анық.

Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана бақытты болады. Ал жүрегі қаламаған мамандық иелері көп қиындықтарға кездеседі.

Жұмыс пен оның аясындағы тіршіліктің барлығы адам ғұмырының тең жартысын алады екен! Адамның өз мамандығына қаншалықты қанағаттану мен өз өміріне қаншалықты риза екендігінің арасында тікелей байланыс бар.



Бір жағынан, кәсіп таңдау- болашаққа үңілу болса, екінші жағынан, ол – өзінің ішкі жан-дүниесіне үңілу. Дұрыс таңдалмаған мамандықтың жағымсыз тұстары тек адамның өзіне ғана емес, бүкіл қоғамға кері әсерін тигізеді.

Мамандық таңдауға әсер ететін факторлар:

- 1) Ата-ананың қалауы бойынша;
- 2) Досымен бірге мамандық таңдау;
- 3) «Қайда алса сонда барам» қағидасы;
- 4) Табысы жоғары жұмыс;
- 5) Оқудың немесе жұмыстың беделді болуы.

Дұрыс таңдау жасау үшін келесі факторларды ескеру керек:  
1 фактор – «Мен қалаймын» - бала қандай мамандықты қалайтынын анықтау, өмір бойы осы іспен айналысуға дайындығын сұрау, өзінің бойындағы қабілеттерін бағалауға көмектесу.

2 фактор – «Қолымнан келеді» - баланы таңдаған мамандықтың талаптарымен таныстыру. Мектепте алған білімін, білігін және өзінің қабілетін, бейімділігін айқындауға көмектесіп, таңдаған мамандықта оларды қалай қолдануға болатыны жайлы әңгімелеу.

3 фактор - «Қажет» - бүгінгі күнде ол мамандықтың сұранысы қаншалықты қажет екенін анықтау керек.

**Мамандық таңдаудың мынадай ережелерін есте сақтаған жөн:**

- Барынша көптеген мамандықтарды зерттеу керек және тіршілік еткен аймақта қандай мамандықтар керектігін анықтау қажет;
- Өзін-өзі зерттеу маңызды (қызығулар, мінез ерекшеліктері, бейімділіктер, өзін-өзі бағалау, талаптану деңгейі);
- Өзіне ұнамды және ыңғайлы мамандықты таңдауы тиіс;
- Таңдаған мамандықты зерттеу;
- Таңдаған мамандық бойынша өз күшін байқап көру

Мамандық таңдай отырып алдымен баланың қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына қарау керек, содан кейін барып жанұялық салтпен санасуға болады.

Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар. Қабілеттілік деп – жеке адамның барлық ерекшелігі емес, тек қана қандайда болмасын бір немесе бірнеше қызметті табысты орындай алатын ерекшелігін айтады. Ол адамның психологиялық санасының қалыптасуына байланысты. Олар: қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы, сенімі, т.б.

Қабілеттілік дегеніміз белгілі қызметтің әдіс-тәсілдерін игерудегі тездік, тереңдік және икемділік болып есептеледі.

Сондықтан мамандық таңдауда қабілеттілік есепке алынады. Мысалы, адамның абстракты ойлау жүйесі күшті дамыған болғанмен практикалық істе қабілетсіз болуы мүмкін немесе өте жақсы білгенмен ұйымдастыруды



нашар атқаруы мүмкін. Сондықтан баланың оқудағы, еңбектегі, ойындағы қабілеттілігін біртұтас қарастыру қажет те, солай дамыту нәтижелі болмақ.

Қабілеттен кейін баланың қызығушылығын білу керек, себебі белгілі бір іске қызығушылығы болмаса, өз қабілетін шыңдай алмайды дейді мамандар (видеожурнал «Говорить эксперт»)

Балаңыздың мамандық таңдауына көмектескіңіз келсе психолог мамандар мынадай кеңестер береді:

- Балаңыздың болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз.
- Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып талқылаңыз.
- Мамандық тандар кезде тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттануын да естен шығармаңыз.
- Болашақ мамандық тандар кезде балаңыздың сол кәсіпке деген жарамдылығын да байқаңыз.
- Егер мамандық таңдау барысында қарамақайшылық туындап жатса, кеңесші мамандармен ақылдасыңыз.
- Мамандық таңдауда балаңызды қыспалай бермеңіз, әйтпесе бұл жанжалға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Балаңыздың арманы орындалу үшін оған барынша қолдау көрсетуге тырысыңыз.
- Егер балаңыз мамандық таңдауда қателескен болса, ол үшін кінәламаңыз, оны жөндеуге болады..
- Егер балаңыз қандай да бір мамандыққа ертеден әуестене бастаса, оған үйірмелер, әдебиеттер, әр түрлі сабақтардың көмегімен осы қызығушылығын сақтауға мүмкіншілік беріңіз.
- Балалар өз ата-аналарының мамандығына қатысты маман таңдауы да мүмкін екенін есіңізге алыңыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: “Қазіргі қарқынды дамып жатқан қоғамда орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу” - деп атап кеткендей оқыту және тәрбие жұмысының барысында оқушылардың ынтасын ғылыми-техникалық білімді игеруге дамыту және тәрбиелеу қажет.

Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес. Сондықтан да балаларымыздың мамандық таңдаудан жаңылмай, болашақта өз жұмысынан бақыт тауып, қоғамымыздың бір кірпіші болып, дұрыс қалануларына тілектеспін.



## **Мамандық таңдауда ата-ананың ықпалы қандай ?**

**Максаты:** Оқушылар мен ата-аналарға оқушының мамандыққа бейімделу мен қабілеттілігін ертерек анықтау керек екенін көрсету. Ата-аналарға жеткіншектердің болашақ мамандықты өз бетімен таңдауға мүмкіншілік беруін түсіндіру.

*Балалардың қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылады.*

**Тәрбиеші сөзі:** Әр ата-ана баласының мамандығы жайында білуі керек. Мамандық таңдау-адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Осы кезде ұлы Абай атамның «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген сөзін қалайша естен шығарамыз? Мамандық таңдау- белгілі бір даярлықты қажет ететін іс-әрекет түрі, тіршілік көзі, дағды жүйесі және жасөспірімдік кезеңде қабыданатын жауапты шешімдердің біреуі. Осы арада мамандық таңдауға ықпал ететін негізгі **7 факторы** ескере кеткен жөн.

### **1. Икемділік.**

Икемділік дегеніміз – ол адамның қоршаған ортада өзін-өзі асқан ептілікпен жаңадан құрылып жатқан заманауи талабына сай адам болуы; адаспай өз жолын дұрыс таңдай білуі және заман талабына сай азамат болып өсуі.

### **2. Мағлұматтылық**

Мағлұматтылық дегеніміз – ол адамның өзі таңдаған және жан-жақты білімді болуына, әр нәрседен хабардар болуы; әрдайым ізденісте және жаңа заман талабын дер кезінде дұрыс түсіне білуі.

### **3. Тартылу деңгейі.**

Тартылу деңгейі дегеніміз – бұл елімізде болып жатқан өзгерістер, нәтижелі еңбек жемісін, одан әрі дамытуға өз жанын аямай еңбек етсе және халқының мүддесін жоғарылатуға өз үлесін қосып, одан әрі мықты мемлекет болуына ықпал ету.

### **4. Мүмкіншілік.**

Мүмкіншілік дегеніміз – қазіргі таңда Елбасымыз Н.Назарбаевтың қолдауымен көптеген жаңалықтар және бұрын соңды болмаған жаңа заман талабына сай азамат болуға зор мүмкіншіліктердің болуы; өзінің ішкі –жан дүниесін үңіліп, өз қабілеттілігін дұрыс жолға қою, бар мүмкіншілігін одан әрі арттыру.

### **5. Ата-аналардың көзқарасы.**

Қай ата-ана болмасын өз баласының жақсы болғанын қалайды. Бұл жерде отбасының да өнегелі сөздеріне құлақ аспауға болмайды. Осыны ескерген жеткіншектің қалаған мамандыққа баруына құқығы бар екендігін ұмытпаған жөн.

### **6. Құрдастарының көзқарастары**

Мұнда айтыла кететін жәйт, ол құрбы –құрдастардың да айтқан ақыл кеңестерін ескере отырып, өз бойындағы мүмкіншілікті сарапқа салып, ой елегінен өткізу, белгілі бір мамандықты тек таңдап қана қоймай, оның белгілі бір шыңдарға жетелейтіндігіне және еліне орасан зор пайда әкелетіндігіне көз жеткізу. Дана халқымыз айтқандай: «Бірлесе пішкен тоң, келте болмас», -деген дана сөзі осыған дәлел.

### **7. Нарық қажеттілігі.**

Нарық қажеттілігі дегеніміз – қай мамандықты болмасын таңдау – әр жасөспірімнің өз еркінде. Бірақ тағдаған мамандық заман талабына сай, еліміздің болашағын одан әрі дамытуға, әрі нығайтуға жұмасып жатса, міне, осыны нарық қажеттілігі деп білуге болады. Нарықтық қоғамда өзіне қажетті саланы терең оқып және жаһандану кезеңінде салауатты өмір сүру үшін жан-жақты бәсекеге қабілетті азамат болу.

#### **Пікірталас сұрақтары:**

1. Оқушының болашақ мамандық таңдауға деген қарым-қатынасына талдау жасау.
2. Мамандық таңдаудағы оқушылардың қызығушылығы мен қабілеті.
3. Мамандық таңдаудағы жанұяның әсері.

**Құрметті ата-аналар! Мамандық таңдауда мынадай ережелерді есте сақтаған жөн:**



- Барынша көптеген мамандықтарды зерттеу керек және тіршілік еткен аймақта қандай мамандықтар керектігін анықтау қажет;
  - Өзін-өзі зерттеу маңызды (қызығулар, мінез ерекшеліктері, бейімділіктер, өзін-өзі бағалау, талаптану деңгейі);
  - Өзіне ұнамды және ыңғайлы мамандықты таңдауы тиіс;
  - Таңдаған мамандықты зерттеу;
  - Таңдаған мамандық бойынша өз күшін байқап көру;
- Мамандық туралы жетік білмеу-мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеледі. Оның соңы таңдаған мамандығы өзіне ұнамай, жұмыс орнын жиі өзгертуге әкеліп соқтырады. осы жағдайға байланысты ата-аналарға төмендігі жадынама ұсынғым келеді.
- Баланың өз қалауымен мамандық таңдауына мүмкіндік беру;
  - Баланың өзі таңдаған мамандықтың пайдасы мен кері әсерлерін бірлесе шешуге тырысу;
  - Болашақ мамандықты таңдау кезінде материалдық жағынан пайдасы мол мамандықтарды ғана емес, соынмен қатар моральдық сезімдерді қанағаттандыратын мамандықтарды да қарастыру;
  - Егер мамандық таңдау кезінде баланы эмоционалдық қысымға алмау;
  - Егер баланың тілегі мен шыдамы бойды алып бара жатса, көмек беріп, әңгімелесу;
  - Егер бала мамандық таңдау кезінде қателессе, ол үшін баланы жазаламау, қайта қатені түзетуге ұмтылу;
  - Егер ата-ана баласының қандай да бір мамандықпен айналысып, жұмыс жасай бастағанын байқаса, онда балаға қолдау көрсету керек.

Мамандық таңдау-әркімнің өз жүрек қалауы. Жүрек қалауымен таңдалған мамандық биік шыңдарға жетелері анық.

#### **Мамандық таңдау бойынша оқушылар мен ата-аналарға арналған жадынама.**

Мамандық таңдау — өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық тандай отырып алдымен баланың қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына қарау керек, содан кейін барып жанұялық салтпен санасуға болады.

1. Балаңыздың болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз.
2. Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып талқылаңыз.
3. Мамандық тандар кезде тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттануын да естен шығармаңыз.
4. Болашақ мамандық тандар кезде балаңыздың сол кәсіпке деген жарамдылығын да байқаңыз.
5. Егер мамандық таңдау барысында қарамақайшылықтуындап жатса, кеңесші амандармен ақылдасыңыз.
6. Мамандық таңдауда балаңызды қыспалай бермеңіз, әйтпесе бұл жан жалға әкеп соқтыруы мүмкін.
7. Балаңыздың арманы орындалу үшін оған барынша қолдау көрсетуге тырысыңыз.
8. Егер балаңыз мамандық таңдауда қателескен болса, ол үшін кінәламаңыз, оны жөндеуге болады..
9. Егер балаңыз қандай да бір мамандыққаертден әуестене бастаса, оған үйірмелер, әдебиеттер, әр түрлі сабақтардың көмегімен осы қызығушылығын сақтауға мүмкіншілік беріңіз.
10. Балалар өз ата-аналарының мамандығына қатысты маман таңдауы да мүмкін екенін есіңізге алыңыз.

#### **Ата-аналарға анкеталық сұрақ:**

1. Жанұяңызда балаңыздың болашақ мамандығы туралы талқыладыңыз ба?
2. Балаңыздың мамандық таңдаудағы көзқарасына қосыласыз ба?
3. Оның мамандық таңдаудағы қызығушылығын ескеру керек деп ойлайсыз ба?
4. Болашақта балаңыздың кім болғанын қалайсыз?
5. Оқу бітірген соң, оқуын жалғастыра ма, әлде жұмыс істей ме?
6. Балаңыздың мүмкіндігі мен қабілетін қарайсыз ба?



7. Мамандық таңдау кезінде кеңесші маманның және психологтың қатысуына қалай қарайсыз?
8. Балаңыз қай саладағы мамандық туралы көп айтпайды?
9. Осы мәселені шешуде сынып тәрбиешінің қандай көмегі керек?
10. Осы мәселені қай сыныптан бастап көтеру керек деп ойлайсыз?

#### **Қорытынды**

Ең бастысы мамандық таңдау — баланың өз мамандығына деген қарым-қатынасы мен өз ісіне деген сүйіспеншіліктен туындамақ. Болашақ мамандық таңдау кезінде үлкендердің көмектескеніне қарамастан, соңғы шешімді баланың өзі қабылдайды және одан арғы жауапкершілікті де өз мойнына алады. Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Бірақ сол мамандықтардың ішінен жастардың өзіне сай мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететін ата-аналар өздерінің ақыл-кеңестерін ортаға салып, балаларды дұрыс бағыттап, тура жолға салып жіберсе, нұр үстіне нұр болар еді.



## **Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесу керек?**

**Мамандық таңдау** – өте маңызды мәселе. Себебі, осы таңдау баланың болашақта көптеген жылдар бойы бақытты немесе бақытсыз болатындығы шешіледі. Мамандық таңдауда кедергісін келтіретін 5 стереотиптен аулақ болыңыз.

### **1-стереотип. Қандай мамандық таңдау керектігін ата-ана жақсырақ біледі.**

Мысалы, көптеген ата-ана өзінің арманын, өзінің қандай да бір ойын немесе сол кездегі сәнді тенденцияны міндеттеп, баланы соны таңдауға мәжбүрлейді. Таныстарыңыздың арасында өз қалауынсыз, ата-ананың айтуымен қандай да бір мамандыққа түсіп, әлі күнге дейін ол мамандықты ұнатпай, дүйсенбіден жұмаға дейін өзін қинап жұмыс жасап жүргендер бар шығар. Әрине, барлығы емес. Олар 30-40 жасқа келіп, мына өмірде не істеп жүргенін білмей, өз орнын таппағандай сезім туындап, кейбіреулері өміріне өзгеріс енгізуге қорқып жүре береді. Сондықтан, баланың мамандық таңдауына кедергі жасамаңыз. Өзінің не қалайтынын нақты білетін, мінезі қырсық, соңына дейін жеткізуге дайын тұратын балалар болады. Ал, егер сіздің балаңыз көңіліңізге қарап, жанына жақынын емес, айтқаныңызды таңдаса, ол болашақта бақытты бола ма?

### **2-стереотип. Тестілеу мамандық таңдауға көмектеседі.**

Анықталу үшін көптеген тесттерден өту керек деген де стереотип бар. Иә, мамандық таңдауға көмектесетін жақсы тесттер бар шығар. Бірақ олар мыңдаған сұрақтардан тұруы мүмкін және оны уақытылы өту керек. Ал, кез келген сайттағы қысқаша тесттердің мамандықты анықтауға еш көмегі тимейді. Бастысы, балаға ата-ананың қолдауы және өзінің не қалайтындығын түсіну керек. Ол үшін жасөспірімдер ЖОО-ның ашық сабақтарын қараса болады. Егер ағылшын тілін жақсы меңгерген болса, ғаламтор арқылы басқа мемлекеттердегі оқу орындарының ашық сабақтарын қарап көрсе құба-құп.

### **3-стереотип. Жасөспірім өзі таңдаған мамандық туралы бәрін біледі.**

Жасөспірімдер арасында көбіне кино қарау арқылы қандай мамандық күшті, қандай нашар екендігі туралы стереотип туындайды. Еш тәжірибесі болмағандықтан қателік жіберуі немесе өзі ойлаған мамандықты басқаша елестетуі мүмкін. Сондықтан, егер мүмкіндік болса, баланы шамамен 12-13



жасынан бастап, таныстарыңыздың жұмыстарына 1 аптаға "тағылымдама (стажировка)" өтуге жіберіңіз. Солай бірнеше жерге барып көрсін. Ол қандай да бизнес, мемлекеттік қызмет немесе басқа да жұмыс орны болуы мүмкін. Танысыңыздан көмек сұраңыз, баланы ұсақ-түйекке жұмсамай, ол жерде жұмыс жасайтын әр маманның ісімен қысқаша таныстыруын өтініңіз. Жасөсіпірімнің сол арқылы директор, сатушы, сәулетші, оператор, бизнес-жаттықтырушы, жиһазшы болу және т.б. туралы түсінігі қалыптасады. Мысалы, бала қандай да бір компанияға барып келген соң, "жоқ, мен ол мамандықты таңдағым келмейді, оны жақсы деп ойласам, жай күні-бойы телефонға жауап береді екен" деп ойы өзгеруі мүмкін.

#### **4-стереотип. "Жақсы оқысаң, жақсы маман боласың!"**

Кеңестік кезден бері келе жатқан мынадай стереотип бар: "Сабағыңды 5-ке оқысаң, мектеп бітірген соң жақсы университетке түсесің. Университетте жақсы оқысаң, жақсы жұмыс табасың". Бұл ереже бұрын жүзеге асқан шығар, бірақ қазір бәрі басқаша десек қателеспейміз. ЖОО бітіріп жатқан студенттер көп. Олар жұмыс берушіге дипломмен келеді. Әрине, диплом жақсы, бірақ жұмыс беруші оның қолынан не келетінін сұрайды. Ал ЖОО енді бітіріп келген студенттерде тәжірибе жоқ. Яғни, жұмыс беруші маманды жұмысқа аларда "Мынау қолыңнан келе ме?", "Мағы не істей аласың?" деген секілді сұрақтар қойып, өз жауабына сенімді, ынтасы бар, не қалайтынын білетін, көп жұмыс істеуге дайын және мына әлемге пайдасы тиетін адамды алады. Сондықтан, құрметті ата-ана, балаңыздың әуестенетін ісіне мән беріңіз. Сізге ол күлкілі көрінсе де, "Ол сені асырамайды" демей, қолдау көрсетіңіз. Балаңыз кішкентайынан сурет салғанды немесе қандай да бір спорт түрін ұнатса, сол саладағы жақсы маманды тауып, оның тереңірек шұғылдануына көңіл бөліңіз.

#### **5-стереотип. "Бастаған ісінді аяқта!"**

Иә, бұл ереже өмірде керек болатыны анық. Бірақ, ол қазір мамандық таңдауға келгенде өзекті емес десе де болады. Бұрын баланы кішкентай кезінде музыка үйірмесіне берсе, ол содан соң музыкалық колледжді аяқтауы тиіс болатын. Ал қазір бала мектеп кезінде музыкамен әуестеніп, кейін музыкалық колледжге түсуге міндетті емес. Ата-ана баланың бұл ісіне үреймен қарамауы тиіс. Бала оны өмірінің ісі еместігін түсінуі мүмкін немесе басқа да себептер болуы мүмкін. Қазіргі заманда адамның әуестенетін ісі қаншалықты көп болса, ол оған соншалықты пайда әкеледі. Сондықтан, баланың мектеп кезінде айналысқан бірнеше үйірме сабақтары бос кетті деп



уайымдамаңыз. Қазір бір нақты саланың маманы ғана болу аздық етеді. Заманауи қоғамның талабы – жан-жақты адам.

Балаңызға әрдайым мынадай кеңестер беріңіз: жаны қалаған нәрсемен айналысу, сол істе ең жақсысы болуға тырысу және басқаларға көмек көрсету. Бала "Мен әлемнен не аламын деп емес, әлемге не бере аламын" деп ойлануы керек. Балаңызды қолдаңыз және оған сеніңіз. Бастысы, баланы кішкентай кезінен бастап адамдарға көмектесу керектігін айтып, өсіріңіз. Сол кезде осылай өскен баланы кез келген жұмыс беруші өзіне шақырады немесе бала өскенде әлемге көмегі тиетін іспен айналысады. Ал бұл мәселе әлем қалай өзгерсе де, өз өзектілігін жоғалтпайды.



2021 - 2022 оқу жоспарының себебі.

### Кәсіптік бағдар


№8 жалпы білім беретін орта мектебі мамандық таңдауға ата-анамен оқушыларға жеке кеңес беру және оқушының жеке таңдауын ескеру. Қыркүйек айында «Мамандық әлемімен танысу» тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. Қазан айында «Балаға мамандық таңдауға қалай көмек береміз?» ата-аналар жиналысы өткізілді. Қараша айында «Менің болашағым өз қолымда» шығармалар сайысы өткізілді. 9 сыныптар қаладағы өндіріс орындарына барды.




11 сынып оқушыларына профориентациялық сағаты өтілді. Атап айтсақ 2021-2022 оқу жылында кәсіптік бағдар беру кабинетінің жоспары бойынша 21.01-20.04 аралығында әр апта сайын колледжде «Ашық есік» күні ұйымдастырылды. Шараға қаланың №8 жалпы білім беретін орта мектебінен 11 сыныптан 10 оқушы қатысты. Мектеп оқушыларына Қазақ технология және бизнес университеті «Ашық есік күнінің» өткізді. Экономикалық факультеті, есеп және аудит кафедрасы 3 ақпан сағат 14:00-де zoom платформасы арқылы іс-шара өткізді. Ол іс-шарада өз мекемесі туралы айтып мамандықтары туралы мәлімет айтылды. Оқушылардың болашақта жақсы мамандық таңдауға үлесін қосты.

16 ақпан күні сағат 15:00-де zoom платформасы арқылы Қазақ технология және бизнес университеті «Жеңіл өнеркәсіп және дизайн» кафедрасында «Ашық есік күні» өткізілді. Іс-шара кезінде 11 А сынып оқушылары қатысты 12 оқушы. Университеттің мамандықтары, болашақта жақсы жетістіктер, түлектері туралы мәлімет айтылды.






15 ақпан күні 15:00-де «Тұран-Астана университеті» «Ашық есік күні» zoom платформасы арқылы өткізілді. 11 А сыныптан 10 оқушы қатысты. Тарихы бар білім ордасының тарихымен, мұражайымен, университеттің жетістіктерімен, колледждегі дәрісханасымен, студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысының жетістіктерімен, жаңа ақпараттық технологиялармен жабдықталған оқу кабинеттерімен тансытырылды.



19 ақпан сағат 16:00-де «Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» «Ашық есік күні» zoom платформасы арқылы өткізілді. 11 А сыныптан 11 оқушы қатысты. Шара жоспар бойынша жүргізіліп университетте дайындайтын мамандық түрлерін студенттер презентациялап толық ақпарат берді. Кездесу мектеп оқушылары сұрақтар қойып, университетте оқуға өздерінің қызығушылықтарын білдірді.

### Профориентация учащихся

«N8 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-де, 11 сынып оқушыларымен онлайн режимінде кәсіптік бағдарлау жүргізілді. ҚМЭБИ Университетінің үйлестірушісі Джазыкбаева С.М шақырылды.







Мектебіміздің жоғарғы сынып оқушылармен Атбасар қаласының Аграрлық-индустриялық колледжі маманы кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізді.



12 мамырда 9 «А» сыныбының сынып жетекшісі Немеренко З.Б оқушылармен кәсіптік бағдар бері туралы дәріс жүргізді.



## **Менің мамандығым - менің болашағым**

**Мақсаты:** - "Мамандық" құндылығы туралы түсініктерді кеңейту.

Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру.

**Міндеттері:** - мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту.

- Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу.

- Еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.

*Әл - Фараби*

*Ісім оңсын десеңіз,*

*Сол істің маманы болыңыз.*

*Даңқым шықсын десеңіз,*

*Көпшіліктің адамы болыңыз.*

## **Ойланайық, пікірлесейік**

### **Мамандық дегеніміз не?**

Кәсіп, Сүйікті іс, Шығармашылық, Қызығушылық, Еңбек көзі

### **Мамандық дегеніміз не?**

Оқушылардың пікірлері сұралады

- - Біздің болашағымыз – біздің мамандығымызда;
- - адамның болашаққа апаратын жолы;
- - адамның алдағы уақытқа қойған мақсатының бірі;
- - мамандық бойынша адам жұмыс істейді;
- - оқуды бітіргеннен кейін таңдайтын мамандық;
- - ол белгілі бір кәсіпке ие болу бейіндігі, ұнату, таңдау, арманыңды іске асыру;
- - мамандық сөзі ол жұмыспен сипатталады;
- - келешекке қойған жоспары, мамандығын ойдағыдай бітірсе, игерсе сол
- - адам жаны қалаған қабілеті бар кәсіпкерлік жұмыспен айналысады.

## **Әңгімелесу**

- Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек деп ойлайсыңдар?

- жақсы маман болуы үшін адам нені білуі және нені үйренуі қажет?

- Сен қандай маман болуды армандайсың? Неліктен?

- Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек деп ойлайсыңдар?

- Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыңдар?



## Тақырыбы: Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар Сабақтан тыс іс — шара

Орындаған: Искакова А.А.

### Мақсаты:

**Білімділік:** оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту;

**Дамытушылық:** оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз — өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру

**Тәрбиелік:** мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.

### Міндеті:

Мамандықтарды талдай және таңдай білуге үйрету;

Оқушыны өзінің қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге үйрету;

Оқушылардың бағдары мен құндылықтары туралы мәлімет беру;

Оқушылардың құптап отырған мамандықтарына бағыт беру.

Көрнекілігі: тақырыпқа сәйкес әзірленген дидактикалық материалдар.

### Барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Мұғалімнің сөзі:

Мұғалім: Қайырлы күн, құрметті Қазақстанның жарқын болашақтары!

Сәлеметсіздер ме! Отырыңыздар! Біздің бүгінгі ашық сабақтан тыс іс — шарамыздың тақырыбы – «Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар» атты пікір алмасу сабағымызға қош келдіңіздер!

Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500 — ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады? Біз олардың қаншасы туралы білеміз? Мамандық таңдауда нені бағдар ретінде алуға болады? «Мектеп бітіргеннен кейін кім боласың?» деген сұрақтарға мектеп оқушыларының көбісі нақты жауап бере алмайды. Шындығына келгенде мамандық таңдау мәселесі әсіресе біздің қоғамымыз нарықтық қатынасқа көшіп отырған жағдайда өте күрделі мәселе. Көптеген жоғары сынып оқушылары өздерінің іскерліктері мен қабілеттерін дұрыс тани алмай, мамандық таңдауда көптеген кедергілерге ұшырайды. 9 — 11 класс оқушыларының алдында тұрған басты мәселе — болашақ



мамандығын таңдау. Ал мамандықты дұрыс таңдау — ол өмір жолының сәттілігінің негізі.

### Тренинг

Әр оқушы орнынан тұрып өз тілектерін айтады, яғни осы оқушылардың айтылған жақсы тілектері сыныбымызға, сыныбымызға қатысып отырған адамдарға жақсы көңілмен таралады деп білеміз.

Мамандықты таңдау туралы не білеміз?

Мамандық таңдау дегеніміз не? Осы сұраққа жауап беру үшін біз бүгінгі пікір алмасу сабағымызды ұйымдастырып отырмыз.

Сабағымыз 7 кезеңнен тұрады,

1. «Менен сұрақ, сенен жауап».
2. «Мамандық әлемі».
3. «Мен мамандық әлеміндемін» ойыны.
4. «Ең жақсы» ойыны.
5. «Қазіргі заманның әрі тапшы, әрі табысты мамандары».
6. «Мамандықты таңдау» практикумы. Профессиограмма.
7. Талдау.

1. «Менен сұрақ, сенен жауап».

### Әңгімелесу

1. Өзіңнің болашақ мамандығыңды таңдадыңыздар ма?
2. Сен ол мамандық туралы не білесің?
3. Мамандық таңдамауыңның себебі неде?
4. Сенің мамандық таңдауына кім әсер етті?
5. Қай жақта оқығанды ұнатасың?
6. Сен оқуға түскеннен кейін оқудың қиындығына төзе аласың ба?
7. Адамның мамандық таңдауы оның әлеуметтік жағдайына әсер ете ме?

Оқушылардың жауаптары тыңдалып, қысқа талдау жасалады.

Балалар, қазіргі кезде мектеп бітіруші түлектердің ең жиі таңдайтын мамандықтары мынандай екен:

- заңгер
- аспазшы
- аудармашы
- мұғалім
- менеджер
- ветеринар
- программист
- инженер
- банк қызметкері
- дизайнер



- экономист
- дәрігер
- психолог
- тәрбиеші
- бизнесмен
- құрылысшы

Статистикаға сүйенсек, Қазақстанның ЖОО бірінші студенттерінің 28% өз таңдауларына көңілдері толмай, сол мамандықты таңдағанына өкінген екен. Сұрастыра келе, мамандықты таңдауда олардың:

1. 30% — ата — анасының, мұғалімдердің кеңесіне сүйенген екен;
2. 44% — үйеріне жақын аймақты таңдаған екен;
3. 12% — қазіргі таңда «модно» деген мамандықтары таңдаған;
4. 14% — мамандығын ең соңғы сәтте таңдағандары белгілі болыпты.

— Сондықтан да, құрметті оқушылар дәл қазір дұрыс таңдау жасау мәселесіне көңіл бөлейік. Мүқият тыңдап, сұрақтарың болса, түртіп отырыңдар. Сабақ соңында туындаған сұрақтарды талқылайтын боламыз.

## 2. «Мамандық әлемі».

Статистикалық зерттеулер бойынша, әлемде 40 мыңға жуық мамандық бар көрінеді.

Мамандықтың бірнеше классификациясы бар. Олардың неғұрлым белгілілері еңбек пәніне негізделеді. Еңбек пәні бойынша жіктелетін мамандықтар 5 топқа бөлінеді:

1. «Адам — Табиғат» аймағы
2. «Адам — Техника» аймағы
3. «Адам — Адам» аймағы
4. «Адам — Белгілер жүйесі» аймағы
5. «Адам — Көркемдік бейне» аймағы

Осы мамандықтар әлемінде дұрыс таңдау жасай алуы үшін балаларды «Мамандық таңдау формуласымен» таныстырады.

Талдау, қорытындылау:

«Қалаймын», «Қолымнан келеді» және «Қажет» — осы үшеуін бір — бірімен үйлестіре алсаң, сенің кәсіби таңдауың өте сәтті болмақ.

Сенің міндетің — келесі талаптарды орындайтын мамандықты таңдау:

- Сен үшін мамандығың қызықты және тартымды болуы қажет;
- Сенің қабілеттеріңе сәйкес келуі қажет;
- Еңбек нарығында сұранысқа ие болуы қажет.

Мамандық таңдаудың 7 қадамы

1 қадам Байыппен бағдарлай біліңіз

Жас адамның бір топтамға келуіне қиялдың әсері бар. Біреуді кинодағыдай романтикалық мамандық қызықтыруы мүмкін. Біреулер «туғаннан



мандайына жазылған» ата — анасының жолын қуады. Біреулер жоғары оқу орнына ең жақын досына немесе құрбысына серік болып барады, ал енді біреулер үйіне жақын оқу ғимаратына құжат тапсыруға асығады.

Мамандықтан дауадам тағдырында көп нәрсені шешетіндіктен былайша атүсті қарау жеңілтектіктің белгісі. Сондықтан бұл мәселенің шешімін мүмкіндігіңіз шеаса мәнберіп, байыппен қабылдаңыз.

2 қадам Дұрыс шешім өз қолыңызда

Ең бірінші бұл таңдауды өз бетіңізше жасау керектігін саналы түрде ұғыныңыз. Ата — аналардың, достарыңыздың ықпалынан шығаалмай қалмаңыз, олар не айтса да, бұл — сіздің тағдырыңыз.

3 қадам Бейімділігіңізді ескеріңіз

Бастапқыда өз қалауыңызға назар аударыңыз. Немен айналысқанды қалар едіңіз? Мектеп бағдарламасынан қай пән ұнайды? Бос уақытыңызда немен айналысқанды жақсы көресіз? Адамдармен, әсіресе бөгде кісілермен оңай тіл табыса аласыз ба? Сіздің бейімділігіңізге көп нәрсе байланысты.

4 қадам Өзіңізді сынақтан өткізіңіз

Бәрінен бұрын өзіңізді өз ой елегіңізден өткізіңіз: өзімнен және өзімнің жұмысымнан мен нені қалаймын? Бес жылдан кейін өзімді қалай елестетемін? Барлық ақпараттарды пайдалана отырып, болашақ мамандығыңыз туралы көп нәрсе білуге тырысыңыз. Өзіңіз таңдаған мамандық иелерін іс барысында көзіңізбен көру үшін сол кәсіпорын мекемелерге экскурсияға шығыңыз. Программист болғыңыз келсе, компьютерлік ойындарды ғана қанағат тұтпай, ең болмаса бір қарапайым бағдарлама жазып көріңіз. Дайындық курстарына жазылсаңыз тіпті жақсы. Ең дұрыс тәсіл жазғы каникул кезінде өзіңізді қызықтыратын саланың ең кіші қызметкері болып жұмысқа тұрсаңыз, таңдауыңыздың дұрыс — бұрыстығына көзіңіз анық жетер еді.

5 қадам Сұранысты да назарда ұстаңыз

Болашақ мамандығыңыздың еңбек нарығында қаншалықты бағаланатынын білуде пайдалы. Қарапайым жол: бос орындарға жарияланған конкурстарда, интернеттің еңбекке орналастыру сайтында қандай мамандықтарға сұраныс бар екендігін қараңыз. Арнайы агенттіктер жүргізген болжамдардың да маңызы бар. Осы мәліметтерді ескере отырып, таңдаған мамандығыңызды қай жоғары оқу орнында қалай даярлайтынын анықтаңыз. Дегенімен, нарық қажеттілігі құбылмалы. 3 — 5 жылдан кейін мүлдем басқаша болуы мүмкін. Демек, жүрегіңіздің таңдауына жүгінгеніңіз абзал.

6 қадам Мамандар не дейді?

Егер күдік — күмәннен арыла алмасаңыз, онда мамандардың көмегін пайдаланыңыз. Мұндай кезде мектеп психологы немесе психолог — кеңесші мамандар жәрдемдесе алады. Сондай — ақ, қабілетіңіз бен бейімділігіңізді анықтауға көмектесетін арнайы психологиялық тесттер де бар.

7 қадам Қорытынды шешім

Мәліметтерді жинастыра келіп, өзіңіз ұнаған негізгі 5 — 10 позицияның тізімін жасаңыз. Одан кейін парағыңызды екі бөлікке бөліп, плюс және минус жақтарын тізіп, сынақ тәсілін жүргізіңіз. Көңіліңізге қонбайтынын